Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы «29» желтоқсандағы
№ 362 қаулысына
2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2015 жылғы 8 қыркүйектегі
№ 228 қаулысымен
бекітілген

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызметінің (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызмет берушісі аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) (азаматтық хал актілерін тіркеу саласында функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті құрылымдық бөлімшелер) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) болып табылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру баламалы негізде:

1) көрсетілетін қызметті беруші, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері;

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал): www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен қоса қайталама неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік немесе «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11374) бұйрығымен бекітілген «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына

өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 10 тармағында көзделген негіздер бойынша және жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» қызмет берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында электрондық өтініштің қабылданғаны және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу күнінің тағайындалғаны туралы хабарлама немесе стандарттың 10 тармағында көзделген негіздер бойынша және жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанындағы дәлелді жауап жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттар топтамасының болуы негіздеме болып табыла ды.

5. Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу кезінде көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдердің (іс-қимылдардың) мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың стандарттың 9 тармағына сәйкестігін тексереді. Құжаттарды қабылдауды және «Азаматтық хал актісі жазбасы» тіркеу пункті ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – «АХАЖ» ТП) тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылданғанын растайтын тиісті құжаттардың қабылданғыны туралы үзбелі талон болып табылады (бұдан әрі - талон). Көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды толық топтамасынсыз және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут;

2 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін орындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің маманына береді – 10 (он) минут;

3 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы өтінішті қарайды, стандарттың 10 тармағында көрсетілген мән-жайлардың бар болуын тексереді – 1 (бір) жұмыс күн ішінде;

1 шарт – көрсетілген мән-жайлар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің маманы неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеуден дәлелді бас тарту дайындайды – 2 (екі) жұмыс күн;

4 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы «АХАЖ» ТП-та неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазбасын тіркеуді жүзеге асырады, куәлікті ресімдейді – белгіленген күні;

5 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы мемлекеттік тіркеу куәлігіне қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің елтаңбалы мөрімен куәландырады немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауап береді – 10 (он) минут;

6 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) салтанатты тіркеу рәсімін өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 20 (жиырма) минут.

6. Азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу кезінде көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдердің (іс-қимылдардың) мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың стандарттың 9 тармағына сәйкестігін тексереді. Құжаттарды қабылдауды және «АХАЖ» ТП-да тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылданғанын растайтын талон болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды толық топтамасынсыз және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут;

2 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін орындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің маманына береді – 10 (он) минут;

3 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы өтінішті қарайды.

Қажет болған жағдайда басқа мемлекеттік органдарға сұрату жібереді және көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті қарау мерзімінің ұзартылғандығы туралы хабарлайды.

«АХАЖ» ТП-да акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізеді, қайталама куәлікті рәсімдейді – 6 (алты) жұмыс күн ішінде;

4 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізілген неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлікке қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің елтаңбалы мөрімен куәландырады немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауап береді – 10 (он) минут;

5 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 20 (жиырма) минут.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірушілердің көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген

күннен бастап бір ай өткеннен кейін жүргізіледі (қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді);

некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлесе берген өтініші бойынша тиісті құжаттармен (дәрігерлік-біліктілік комиссияның жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын анықтамалар) расталатын дәлелді себептердің болуы кезінде (жүктілігі, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да ерекше мән-жайлар) неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір ай өткенге дейін неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тағайындайды не мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылардың берген жазбаша өтініші негізінде оны бір айдан аспайтын мерзімге ұзартады;

ерекше мән-жайлар (жүктілігі, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың ниеті бойынша, себебі мен растайтын құжаттарды міндетті түрде көрсете отырып, өтініш берілген күні жүргізіледі;

неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты тіркеу рәсімінің ұзақтығы 20 (жиырма) минуттан аспауы тиіс;

азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш күнтізбелік 7 (жеті) жұмыс күні (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

7. Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 1 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі тіркелген құжаттар болып табылады, олар осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 2 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 2 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының бұрыштамасы болып табылады, ол осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 3 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 3 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі қызмет алушының құжаттарын стандарттың 10 тармағында көрсетілген мән-жайлардың бар болуын қарастыру болып табылады, ол осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 4 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 4 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазбасын тіркеу және азаматтық хал актісін тіркеу туралы куәліктің толтырылған бланкі болып табылады, ол осы

Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 5 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 5 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы мемлекеттік тіркеу куәлігіне қол қойылған куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауабы болып табылады, ол осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 7 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 5 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты тіркеу рәсімін өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетунәтижесін беру болып табылады.

8. Осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 1 іс-қимыл бойынша азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу кезінде мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі тіркелген құжаттар болып табылады, олар осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 2 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 2 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының бұрыштамасы болып табылады, ол осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 3 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 3 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу және азаматтық хал актісін тіркеу туралы қайталама куәліктің толтырылған бланкі болып табылады, олар осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 4 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 4 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі азаматтық хал актісін тіркеу туралы қайталама куәлікке қол қою немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауабы болып табылады болып табылады, ол осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 5 іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болады.

Осы Регламенттің 6 тармағында көрсетілген 5 іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға куәлік беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің маманы.

10. Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) сипаттамасы:

1 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың стандарттың 9 тармағына сәйкестігін тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды толық топтамасынсыз және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады. Құжаттарды қабылдауды және «АХАЖ» ТП-да тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылданғанын растайтын талон болып табылады. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут;

2 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін орындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің маманына береді – 10 (он) минут;

3 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы өтінішті қарайды, стандарттың 10 тармағында көрсетілген мән-жайлардың бар болуын тексереді – 1 (бір) жұмыс күн ішінде;

1 шарт – көрсетілген мән-жайлар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің маманы неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеуден дәлелді бас тарту дайындайды – 2 (екі) жұмыс күн;

4 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы «АХАЖ» ТП-та неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазбасын тіркеуді жүзеге асырады, куәлікті ресімдейді – белгіленген күні;

5 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы мемлекеттік тіркеу куәлігіне қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің елтаңбалы мөрімен куәландырады немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауап береді – 10 (он) минут;

6 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) салтанатты тіркеу рәсімін өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 20 (жиырма) минут.

11. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) сипаттамасы:

1 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың стандарттың 9 тармағына сәйкестігін тексереді. Құжаттарды қабылдауды және «АХАЖ» ТП-да тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылданғанын растайтын талон болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды толық топтамасынсыз және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут;

2 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін орындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің маманына береді – 10 (он) минут;

3 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің маманы өтінішті қарайды.

Қажет болған жағдайда басқа мемлекеттік органдарға сұрату жібереді және көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті қарау мерзімінің ұзартылғандығы туралы хабарлайды.

«АХАЖ» ТП-да акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізеді, қайталама куәлікті рәсімдейді – 6 (алты) жұмыс күн ішінде;

4 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізілген неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлікке қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің елтаңбалы мөрімен куәландырады немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауап береді – 10 (он) минут;

5 іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 20 (жиырма) минут.

4. Өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану

12. Көрсетілетін қызметті алушылар стандарттың 9 тармағындағы талаптарға сәйкес қажетті құжаттарды ұсына отырып, портал арқылы мемлекеттік қызметті алуға құқылы (Қазақстан Республикасының азаматтарына некені бірінші рет тіркеу үшін).

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуы үшін жүгіну тәртібі мен рәсімдерінің реттілігінің сипаттамасы:

1 процесс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алуы үшін порталда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) көмегімен авторландыру процесі;

1 шарт – тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің түпнұсқалығын ЭЦҚ арқылы тексеру;

2 процесс – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде талап бұзушылықтардың болуына байланысты авторландырудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

3 процесс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрату нысанын экранға шығаруы және көрсетілетін қызметті алушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескерумен толтыруы (деректер енгізу);

4 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың толтырылған нысанына қол қою;

5 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұратуын) ЭҮШ арқылы ЭҮАШ АЖО-ға жіберу және көрсетілетін қызметті беруші маманының мемлекеттік көрсетілетін қызметті өңдеуі;

6 процесс – бөлім маманының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыруы (өтінішті қабылданғанын растау туралы хабарлама). Электронды құжат ЭЦҚ қолдану арқылы бөлім маманымен қалыптастырылады және порталдағы жеке кабинетіне жолданады.

7 процесс – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» сұратудың қабылданғаны туралы және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күнінің белгіленуі туралы мәртебесін көрсету.

Мемлекеттік қызметті порталда көрсету – неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күнінің белгіленуі туралы хабарламаны алу мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жүгіну және көрсетілетін қызметті берушінің рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілік тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасында көрсетілген.

13. Аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдердің (іс-қимылдардың) мазмұны:

1 іс-қимыл – аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың стандарттың 9 тармағына сәйкестігін тексереді. Өтінішті қабылдайды немесе стандарттың 10 тармағында көзделген негіздер бойынша қызмет алушылардың құжаттарын қабылдаудан бас тартады. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут;


2 іс-қимыл – аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің кеңсесі құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды. Көрсетілетін қызметті берушімен регламенттің 5, 6 тармақтарында көзделген негіздер бойынша тиісті іс-қимыл жасалады. Орындалу ұзақтығы – 1 (бір) жұмыс күн;

3 іс-қимыл – аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсету нәтижесін береді. Орындалу ұзақтығы – 20 (жиырма) минут.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 2-5 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1 қосымша

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге әрекет етілген ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




Шартты белгілер:



Бастапқы хабарлама


Соңғы хабарлама


Соңғы қарапайым оқиғалар


Қате


Ақпараттық жүйе



Процесс



Шарт


Хабарламалар ағыны

Басқарма ағыны

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2 қосымша


Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде




«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
3 қосымша

2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу




«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
4 қосымша

4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде



«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
5 қосымша

5) аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдері арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде




Шартты белгілер:



Мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



Аяқтаушы хабарлама



Таңдау нұсқасы



Келесі рәсімге (іс-қимылға) өту